

83.3/5(қаз)

Т 27

Сейітмұхамет Тәбаріқұлы

Алаш арыстары

МӘННАН

ТУРҒАНБАЕВ



ЖК

Форма № 10

**КОНТРОЛЬНЫЙ ЛИСТОК
СРОКОВ ВОЗВРАТА**

Книга должна быть возвращена не
позднее указанного здесь срока

Количество предыдущих выдач

7537 - 22/1

Сейітмұхамет Тәбәрікұлы

Алаш Арыстары

Мәннан Тұрғанбаев

Алматы
“Қайнар”
1999

*Вы держите
в руках книгу,
полученную
в ДАР
от*



83.3(5кз3)

Т 27

ББК 83,3

Қазақстан Республикасының

Алматы Ақпарат

Тұрғындар

Төбәрікұлы С.
Мәннан Тұрғанбаев.—Алматы: Қайнар, 1999 ж.
ISBN 5-620-00955-6

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ АҚПАРАТ

Мәннан Тұрғанбаев ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ халқының мұңын жоқтап, ұлт-азаттық қозғалысын жаңа да салалы сатыға көтерген, елін әлемдік өркениет қатарына шығаруға бар білімін, күш жігерін жұмсаған ұлттық интеллигенция өкілдерінің көрнекті қайраткері. Ол жөнінде ұзақ жылдар бойы ешнәрсе жазылмай, айтылмай келсе де, тарихшы, әдебиетші мамандар Мәннанның кім екенін жақсы білетін. Өкінішке орай, көпшілік қауым оны біле бермейтін еді, есімі ұмыт қалған жағдайға душар болды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері халқына қайта оралған арыстар қатарында М.Тұрғанбаевтың есімі аталса да, ол туралы мерзімді баспасөзде шыққан мақалалардан басқа әзірше жеке зерттеу кітабы жоқ.

Белгілі қаламгер және қоғам қайраткері Секең ағамыздың Мәннан туралы жазған кітабы осы олқылықтың орнын толтырар алғашқы дүние.

Қолжазбада, қысқаша болса да, Мәннанның өмір жолы, өскен ортасы, атқарған қызметі баяндалады. Оқырман үшін осының бәрі бір жерге жинақталған тың деректер.

Қайдар Алдажұманов

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары.



Өмірдерек

Сейітмұхамет Тәбәрікұлы 1928 жылы 17 наурызда Семей облысының Қайнар ауылында дүниеге келген. (Бұрынғы әкімшілік атауда: Қарқаралы уезі, Семей губерниясы, Абыралы болысы, №2-«Сарыпан ауылында»).

Екі жоғарғы оқу орнын бітірген. Мамандығы-тарихшы, ғалым-зоотехник. Партия, кеңес қызметінде жүріп журналистік мамандық алған. Ұзақ жылдар Абай, Ақсуат, Аякөз, Шұбартау ауылдарында комсомол, партия комитеттерінің хатшысы болып қызмет істеген.

1973 жылдан Ново-Шульба аудандық кеңестің төрағасы.

1988 жылдан бері еңбек демалысында Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

1988 жылдан бері қалам қайраткері.

1997 жылы - «Жанақ ақын» (Алматы, «Сөзстан» баспасынан).

1998 жылы - «Замана ағысы» атты (Алматы, «Өлке» баспаханасынан) екі кітабы жарық көріп, оқырмандар жылы қабылдады.

Бүгінде шығармашылық жұмыспен «Замана Зердесі» атты ғұмырбаяндық роман-эссе жазумен шұғылдануда.

Жергілікті баспасөзде бірнешеменен, проблемалық мәселелер көтерген (ойтүрткі, көзқарас) мақалалары басылған. Бірнеше әндердің авторы-сазгер, әншілік өнерімен де ел ішінде көпке мәлім, қазыналы қария.

Журналистер қауымымен етене жақындасуы Секеңнің қаламгерлік шеберлігін шыңдай түсіп, өмірдің әр саласына лайық, тарихи деректі әңгімелерге қоса, саяси, әлеуметтік, тұрмыстық мәселелердегі проблемаларды көтерген іргелі материалдарын оқырман қауымға ұсына білді. Мәселен, Әуезов әлемінен «Жақсыдан шарапат», «Мұхтар сүйген бір сұлу» және «ақтаңдақтар»: Алаш арыстары: «Ахбайдың Жақыбы», «Рсымбетов Садық» жәйлі №3804 «а», іс мақалаларымен «Мәннан Тұрғанбаев» туралы еңбегін атауға болады. Таяуда «Семей таңы» газетінде жарық көрген «Жер тағдыры толғандырады» деген көлемді мақаласы оқырмандардан қызу қолдау табуда.

490035. Семей қаласы 35. Ертіс-17^ж 162 пәтерде тұрады. Жұбайы мұғалима, қазірде зейнеткер, үш ұл, үш қыз өсіріп, немерелерді қуаныштаған бақытты әулеттің - отағасының ойлар мүддесі: елдің, ұлттың, ұрпақтың бақытты болашағы. Ұлттық, сана, елдік намыс үшін барын аямай жұмсау - мұрсаты!

«Қазақ халқының кейбір данышпан перзенттері мен көсемдері тарихтың қарғыс атқан тұзағында тұншықты, ұлттың амандығы үшін олар тарихтың тәлкегіне көнуге мәжбүр болды»

Н. НАЗАРБАЕВ

«Тарих толқынында»

МӘННАН ТҰРҒАНБАЕВ

Биыл, ХХ ғасырдың соңғы желтоқсанында қазақ баспасөзі қара шаңырағының бірі - Семей өңірінің рухани байлығының көзі, «Семей таңы» газетіне 80 жыл толмақ. Осыған орай Шығыс аймағында тарайтын бұл басылым «80 жылдық қарсаңында» атты айдарын ашып, той дүбірін ертелете қаққандай...

Алайда алғашқы осы Ата газеттің негізін қалап, тұңғыш редакторы болған Мәннан Тұрғанбаев туралы әлі күнге терең монографиялық еңбектер мен ғылыми зерттеулердің болмауы, тіпті, саяси мемлекеттік қайраткер ретіндегі портретінің ашылып көрсетілмеуі, тарихтан өзінің әділ бағасын алмауы таң қалдырады, әрі түсініксіз жай. Алаш қозғалысының белсенді қайраткері, қоғамдық әмбе саяси ағарту қызметінде үнемі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытовтардың ең сенімді серігі, сталиндік қуғын-сүргінге түсіп, қызыл қырғынның құрбаны болған есіл ер өмірден де, тарихтан



Мәннан Тұрғанбаев (1886-1937)

да лайықты еншісін, ұрпақ бағасын әлі ала алмай келеді. Мәселен, өзі тұңғыш редакторы болған «Семей таңы» газеті редакциясында ескерткіш мәрмәр тақта қойылмауы, туған ауылы Қайнар елді мекенінде «Зұлмат құрбандарына» қойылған ескерткіш қабырғадағы тізімге де ілінбеуі, Семей қаласында тым құрыса бір көшенің аты берілмеуі сияқты әттеген-ойлар бұған айғақ болады. Жалпы егеменді еліміздің әрбір таңы жаңа тарихымен арайлап атып, рухани байлығымыздың алтын қоры толыға түскені жөн. Былтырғы жылы тамызда Абайдың мемелекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық-қорық, мұражайы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Мәннан Тұрғанбаевтың мәдени ағарту саласындағы еңбегі туралы тақырыпта кеш өткен еді. Оған негізінен «Семей таңы» газетінің 25 санындағы Мәннан ақсақалдың немересі, химия ғылымдарының кандидаты Сәуле Мұратқызының «Атамыздың бейітін тапқандаймыз...» атты мақаласы себеп болды. Қалай десек те, «Осының өзі Семей жұртшылығына ғана емес, мұқым қазақ еліне қажет ізгілік бастауы болғай», -деп тілеген еді, жиылған зиялы қауым сол кезде.

Таяуда Семей қаласының әкімі М. Шәйжүнісовтың атына «Әділет» қоғамының төрағасы, академик М. Қозыбаев қол қойып, арнайы жолдаған хаты жәйлі хабардар болдым. Онда «Құрметті Маркен Жақияұлы! Биыл Семей қаласында «Семей таңы» газетінің 80 жылдығы аталып өтпек. Осыған байланысты газеттің тұңғыш редакторы, көрнекті ағартушы, баспагер-журна-

лист, Алаш қозғалысының белсенді қайраткері Мәннан Тұрғанбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру шараларын қарастыруды өтінеміз», - деп өтініш жасалыпты.

«1920 жылы Орынборда шыққан «Ұшқын», «Қазақстан» газеттерінде қызмет істеген, Алаш қозғалысының белсенді қайраткері 1937 жылы 24 қаңтарда халық жауы деген желеумен ұсталып, НКВД үштігінің үкімімен Семей түрмесінде атылған. Ол 1963 жылы 14 декабрьде ақталса да, Алаш-ордаға қызмет еткені үшін аты еш жерде айтылмай келді. Оның творчестволық мұрасы бай. Осыған сәйкес «Әділет» тарихи ағарту қоғамы Семей қаласы әкімінен Мәннан Тұрғанбаев атына Семейдің үлкен көшелерінің бірін беруді сұрайды», - деп жазылған екен.

Мәннан Тұрғанбаев 1886 жылы бұрынғы Қарқаралы уезі, Семей губерниясы, Абыралы болысы №2 Сарыапан ауылында дүниеге келіпті. Атамекені - Мәмбет қыстауы. Руы - Қара Кесек, Қамбар тегінен. Әкесі ерте өліп, Шәден деген әкесінің інісінің тәрбиесінде өскен Мәннан 10 жастан асқанша ауыл молдасынан дәріс алып, арапша сауатын ашқан. 1900 жылы Семей шаһарына келіп, 6 жыл бойы медреседе оқиды. 1906-1909 жылдар аралығында елге оралып, ауыл балаларына мұғалім болады. 1909 жылы Уфа қаласына кетіп, ондағы әйгілі Ғалия медресесіне оқуға түседі. 1915 жылы оны ойдағыдай тәмамдап, туған еліне оралады. Алайда әлі де болса білімін жетілдіре түсуді мақсат тұтады. 1915-1917 жылдары Түркия еліндегі Каир мұсылман рухани академиясы мен Стам-

бул Университетінде мұғалімдік қысқа мерзімді курстарды оқып бітіреді.

Мәннанның бұдан былайғы қызметі Семей шаһарында облыстық, қазақ комитетінің белді мүшесі ретінде алуан түрлі жұмыс-міндеттер атқаруға арналды. Сол уақытта ұлт қамын ойлап шарқ ұрған Алашорданың Семей облыстық комитетінің үні болған «Сарыарқа» газеті шыға бастайды. Газеттің жауапты шығарушысы - Алаштың ардақты азаматы Халел Ғаббасұлы, оның белсенді серіктері Мәннан Тұрғанбаев пен Жүсіпбек Аймауытов болған. «Сарыарқа» газеті Алашорда өкіметін құру, қазақ мемлекетінің негізін қалау тәрізді проблемалық мәселелерді жиі көтереді. Алашорданың Семей тобының саяси бағдарламасы да осы газетте жарық көрген. Қазақ қайраткерлерінің іс-қимыл әрекеттерінен де олардың жазған мақалалары арқылы тікелей танысуға болады. Мысалы, «Сарыарқаның» 1917 жылғы 15 шілдесіндегі №5 санында Мәннан Тұрғанбаевтың «Орыс пен қазақ» арасы деген мақаласы басылыпты.

Онда Өскеменнің оңтүстік жағындағы Шар өзенінің бойындағы мұжықтардың «Қазақтан зиян шегіп жатырмыз» деген арыздары жаңбырдай жауған соң, П.Колтсов пен екеумізді 6-ыншы күнде орыс пен қазақ дауын бітіріп ажырастыру үшін областной қазақ комитеті мен орыс комитеті шығарды.

Ұзын аққан Шардың бойын өрлей жүріп мұжық пен қазақ арасындағы дауларын сұрадық. Мұжық қалаларының (деревня ұғымында-С.А.Д.Қ.) көбі

«дауымыз жоқ» дейді. Арыз берген қалаларға келіп қарасақ, сөздің көбі жалған екен: пішен аман, желінген жоқ, жалғыз-ақ өксікті: 16-ыншы жылы қазақ жерін ойып алып, мұжықтарға беруге уағда қылған землемерлер биыл бере алмай қалғандықтан мұжықтар алмақ болса да қазақтар бермейді, қонып отырады, қыстауларын бұзбайды. Бұл орындарға қазақтар ерегісіп отырған жоқ. Не жаз қонарға, не қыс қорасын аударып саларға жер жоқ болған соң отыр екен. Және де қазақ мұжықтарға қисынсыз көп кесіп берген жайлау шабынды, күзеуден айырылған, ірге салар жер таба алмай, тау араларында шошайған қораға ғана ие болып қалған.

Мұжықтар жерді көп алып отырса да, мал өсірген қазақтан қара озып асып кеткені көрінбейді. Бәрі де: «Жеріміз жаман, ең көп алған жылы десятинасынан 35-40 пұт қана аламыз», - деп зарлайды. Шар бойындағы мұжықтардың бәрі бір жылда, бір тұрмыста - айырмасы жоқ. Сол үшін бәріне үлгі етіп Таувин қаласы жайынан жазамын.

Делбегетей тауының күн батыс жағында Шардың жағасында Таувин деген мұжық қаласы бар. Бұл қаланың орнағанына 30 жылдай болған. Өуелде бұған арналып кесілген жер: Теріскен, Тума, Ұзынжол, Итқара, Шар екен. Жоғарғы жағында Суықбұлақ деген жерден жоғары бір «неміс орнайды» деп бөліп қойған. Немістен кісі келіп көрген соң, жерді ұнатпай, қайтып ол орынға келмеген. Таувиндер бірнеше жыл отырып байқаған соң жеріміз жаман деп көшуге айналған. Та-

увин мұжықтарының «қайта көшемiз» дегенi переселен мекемесiне өте батып, не қылса да тоқтату қамына кiрiскен; немiске арналған Орта Қарауыл, Салақбай, Шұңқырсу деген жерлердi Таувиндерге берiп, көшуден тоқтатқан.

Таувин қаласы - 63 үй.Иемденген жерi 17670 десятина. Үй басына бөлгенде 280 жарым десятинадей келедi. Бiр үйде 4 еркек бар деп есеп қылсақ, ер басы 70 десятина жерге ие болған болады. Мұжық басы 15 десятина жер берiледi деген сөз қайда?

Бұл жердiң бәрi - Делбегетей болысы 8-iншi ауылдың жерi. Олар 100 үй. Иргесiн батыра үйiрiп шабар шалғыны жоқ. Таувиндер бiзге 8-иnшi ауылды шақты: «Жерiмiзге баса қонып, егiн пiшенiмiздi жеп қойды» деп. Бiз барып қазақтарды тексерiп қарасақ, егiн-пiшен аман, жерге өздерiнен сұрап қонған болып шықты. Таувиндер ұялып қалды, отырған орындарынан қоныс бердi.

Мұжықтарда бiр жаман мiнез, әдет болған: бұрын малы жоғалса, мал ауысып оттаса, қазақтарды тарпа бассалып алады екен. Сол жаман әдетiн қалдырғысы келмей, әлi де болса да аңсап, өте сағынатын көрiнедi. Мұжық пен Қазақ арасындағы дау жанжалды тексеруге барған бiр орыс, бiр қазақ екеуiмiздiң бiлгенiмiз осы. «Сондықтан қазақты шағып, «қырғалы, жойғалы жатыр, зорлық қылады деген мұжықтардың телеграммаларын, арыздарына әкiмшiлiк басында тұрған адамдар тезiнен сене қалмай, толғап, тексерiп орындау керек» деймiн.

Еліміз бодандықтың бұғауында жүрген кезінде өзбетімен талпынып оқып, білім алған, оны мектебі, медресесі жоқ қазақтың игілігіне жұмсап, қызмет еткен Алаш арыстарының еңбегі, шын мәнінде, үлкен ерлік еді. Әдебиеттің де, мәдениеттің де қайнар бастауларында тұрып, өсіп, өрбіп, дамуына алғаш көмектескен, жол ашқан өрен тұлғалар, қайран сабаздар ісін ешқашан естен шығармай, аялап, асқақтата беру - бүгінгі ұрпақтың басты парызы.

Мәннан Тұрғанбаев - Семей өңірінде Совет өкіметін орнату ісіне де аса білімдарлық танытып, білікті-белсенділікпен қатысқан, жас кадрларды даярлауға аянбай еңбек сіңірген тума талант, ірі саяси қайраткерлеріміздің бірі. Мәселен, Семейде ақ пен қызылдың қан төгіскен аласапыран күндері, яғни Кеңес үкіметінің алғашқы орнатылған кезінде «Қазақ тілі» газетінің шығарылуы және оның тұңғыш редакторы Мәннан Тұрғанбаевтың болуы қандай ерлік десеңізші!

«...Мәннан ағай осы «Қазақ тілін» құрастырып қаз тұрғызған, содан кем еңбегін сіңірмеген, «Қазақ тілін» жетектеп жүргізіп, ел қатарына қосысқан азаматтарымыздың бірі - Жүсіпбек. Бұлардан соң «Қазақ тіліне» еңбегі аз сіңбеген Мұхтар Әуезұлы», - деп жазады белгілі ғалым Қайым Мұхаметқанов. Ал, бұл жәйлі газет ардагері, марқұм Максұн Қордабаев: «Қазақ тілі» газетінің тұңғыш редакторы Мәннан Тұрғанбаев өте сауатты және іскер азамат еді. Ол губерниялық, партия, Совет және қоғам жұмысына белсене араласқан адам. «Қазақ тілі» бесжылдығына бай-

ланысты сыртына оның есімі атап жазылған алтын сағатты сыйға алғаны әлі есімде», - дейді.

Міне, әзірге, әйгілі баспагер-журналист, әдебиетші-ұстаз Мәннан Тұрғанбаев өмірінің бір қыры туралы әңгімеміздің төркіні осындай. Алда әлі талай оның жанқиярлық еңбегіне қатысты монографиялық туындылар, ғылыми зерттеулер жарық көретініне сенемін.

Қайран Сабаздар-ай!

Сол кезде «Қазақ тілі» 2000 дана болып тарап, жұмасына екі рет шығып тұрыпты. (обл. архиві 415 қор ісі).

Қазіргі Жаңа Семейде, Ертістің сол жақ бөлігінде Қаражан, Исабек байлармен қолы ашық, көкірегі көрікті, көңілі ояу Мұхаметхан сынды дәулет пен сәулет иелері тұрған (меценат). Олардың Алаш арыстары мен қазақтың оқыған жастары, өнерпаздарымен байланысы үзілмеген. Еңселі, кең үй-жәйлары әрдайым қонақжай, сауықшыл, «жаксы жайсаңдар» бір сәт бас қосатын, кеңесетін қолайлы орынға айналады. Әміреге ән салдырып, өздері өнерлерін ортаға салған. Мәннан мандолин ойнаған, Ғайни әнін тамылжыта сүйіп орындаған...

Әсіресе, Мұхаметхан үйімен Мұхтар Әуезов жиі араласып, аға-інідей сыйласады. Бұл жәйлі Қайым Мұхаметханов өз жазбаларында кең тоқталып, Мұхтармен таныстығы, одан алған әсер, тағлым жәйлі мол мағлұмат береді: «Біздің үйді өз үйіндей көріп, әр қашан жақын жолдастарымен бірге емін-еркін келіп, бас қосып, сұхбаттасып тұратын болған». «Әкеміз саяси, әлеуметтік мәселелерден тыс қалмаған. Алаш партиясының тілегінде болған». Қайым Мұхаметханов, «Семей таңы», 23.IX.97 ж.

Мәннанның Мұхтардан мүшел жасқа жуық үлкендігі, жан-жақты білімдарлығы, сыпайы мінез, мол мәдениетшілігі, әрі қаланың қоғамдық жұмысына белсене араласқан қабілеттілігі оларды бір-біріне етене жақындастырып, қалтқы-

сыз сыйластырған. Мәннан Тұрғанбаев «Сары арқа» газетінде редактордың көмекшісі ретінде Санкт-Петербургтегі 2,5 айлық журналистер оқу курсынан өтіп, мамандығын жетілдіре түсіп, әдебиетпен де шұғылданған, әдебиет қайраткерлерімен де тығыз байланыста болған. Әсіресе, Жүсіпбек Аймауытовпен, Нығымет Нұрмақовпен, Мұхтар Әуезовпен, Қаныш Сәтпаевпен, Әлімхан Ермековтермен серіктес, әріптес, ниеттес болып, өте жақын араласқан. Шешуі қажет болған мәселелерді бас қосып, ақылдаса отырып шешкен. Мәселен, «Жас алаш» газетінде (26.11.91ж). Д. Досжанов былай дейді: «1921 жылдың қыс айында Ысқақов пен Сәрсеновтың үйінде, кімнің пікірі бойынша жиналғанымыз есімде жоқ, Семейдегі қазақ қызметкерлері, партияда бары және жоғы аралас, алашорда көсемдері болып, бас қосқанымыз бар. Алашордадан Дулатов, Ғаббасов, Тұрғанбаев қатынасты. Өзгесі жадымыда қалмапты»-деп Мұхтар Әуезовтің сөзін келтіреді.

"Қазақ тілі" газетінің (қазіргі "Семей таңы") 1921 жылғы 22 тамыздағы № 136 санында жарияланған "Бияш" тақырыпты мақала— некролог. Авторлары Жүсіпбек пен Мәннан.

Жүсіпбек Аймауытов пен Мәннан Тұрғанбаев - жазушы, қоғам қайраткерлері, тек Семей өңіріне ғана емес, Қазақстанның түпкір— түпкіріне аттары белгілі әрі ағартушы—ұстаз, көрнекті қайраткер Биәхмет Сәрсеновпен қызметтес, жолдастық, достық қарым—қатыныста болған жандар, бір мақсат, бір мүдде бастарын

қосқан күллі Алаштың белді азаматтары—дейді
Аран Еспенбетов ("Семей таңы" 17.05.1997 ж).

Б И Я Ш

Өткен шілденің 17-де Орынбор қаласында Қазақстан оқу комиссариатының мүшесі Биахмет Шегедекұлы (Сәрсенов) оба ауруынан қаза болды.

Биахметтің руы найман, болысы Нарын, уйезі Зайсан, губерниясы Семей. Жасы 36-да болатын. Биахметті Семей, Ақмола қазақтары жақсы біледі, басқа жерлер де оны білетін шығар, өйткені ол қызметке жүйріктігімен көзге түсіп, ауызға ілінетін санаулы қазақ, азаматтарының ішінде маңдай жігіттің бірі еді.

Ол Семейдегі учительская семинарияны бітіріп, алғашқы кезде ел ішінде аульная школада бала оқытып соңынан әкімшілік ісіне кіріскен. 17-ші жылы революциядан кейін қазақ азаматтары әлеумет жұмысына араласып кетті. Бияш та солардың ішінде областной қазақ комитетіне мүше болып, Павлодар уйезінде комитеттер сайлады. Соңғы Алашорда земство болған замандарда Бияш көрнекті орында қызмет етті. Семейге 1920-шы жылы совет үкіметі орнаған соң, Бияш Орынборға кетті. Онда алғашқы уақытта, соғыс комиссариатының саяси білім беретін жұмысын басқарып жүріп, артынан оқу комиссариатына шығып еді. Ол басқа қызметтермен қатар, Семейде ашылған мұғалімдер курсына, қазақ семинариясында, Орынбор курстерінде оқытушы болып жүрді.

Әлеумет ісіне қатысқандықтан айыпталып. Колчак тұсында, соңғы, совет үкіметі тұсында абақтыға да жатып шықты.

Бияш қазақша айтқанда сегіз қырлы, өнерлі жігіт еді. Алған орысша біліміне қарағанда шын мағынасымен педагог (тәрбиеші) еді. Оқушының қылп еткенін сезіп, ұғым ыңғайына құйылуға, тесіп қойғандай көкейіне қондыруға ол сықылды шебер оқытушы, ол сықылды психолог қазақ оқытушыларынан кем. Оның оқытылуынан ұғылмайтын, көңілге күдікті ешнәрсе қалмайтын. Егер бала оқыту жолында қызмет еткен болса, белгілі жақсы тәрбиеші болар еді.

Төңкеріс заманға душар болып, әлеумет ісіне оқығаны аздықтан қазақтың ана жұмысы да, мына жұмысы да Бияшты керек қылды, сүйреді. Оның араласпаған қызметі болмады. Қандай жұмысқа кіріссе де тереңнен біліп, тез бітіретін Бияш болатын.

Ол әкімшілік іске өте жетік, тағанды, құнтақты болатын. Қол астындағы қызметкерлерді бір жағынан тілімен, бір жағынан қырымен өзіне мойынұсындырып, жүгіртіп қоюға онан шебер өтпейтін. Сондықтан оның жұмысы өрге домалайтын, қиын істі оңай бітіретін.

Ол орны толмайтын дипломат (елші) еді. Бір көрген кісінің сырын тез біле қойып, ыңғайымен жүріп, өзінің мақсұтты жұмысын орындатуға, өз сырын кісіге жуырда білдірмеуге, бір көрген адамды ұршықтай айналдырып алуға, қисыны келген жерде сескендіріп қоюға онан жетік кісі қазақ оқығандарының арасында жоқ деуге бола-

ды. Бұл жағынан Бияш қиын-қыстау қияға салатын, дәнекер болатын өзгеше жаралған жан еді. Ондай кісі қазақтан кем шығады, Бияштың орны үңірейіп қалды.

Ол ақылды еді. Оның ақылы сағым қуатын қаңғыбас құрғақ ақыл емес, нағыз өмірге, іске арналған (практически) ақыл еді. Оңай мен қиынды, пайда мен зиянды салыстырып, ең керекті, пайдалы болатын нәрсені ғана істеуге, оны тез орындауға шебер болатын. Кісіге сөзін де, есесін де жібермейтін, асып соқпайтын тапбасар еді. Өзінің дұрыс тапқан жолына біреуді ұғындырып түсіндіруге, дәлелге негізді, сөзге ұста болатын.

Оның тағы бір қасиеті — нашарға, мұқтаж шәкіртке, жолдас арасында жүрегі қайырымды, қолы ашық болатын. Жарлы шәкірттерге жанын салып болысып: «Байғұстар бірдеме алып қалсын, оқуынан қалмасын...» деп ылғи біреуді орналас-тырып, бірдеме тауып беріп, құрақ ұшып жүруші еді. Досшыл, жолдасшыл, еркөңіл еді. Жолдасы үшін, ел үшін, қатерлі жерде жалғыз қалуға жарайтын, жанын қиюға шыдайтын ер еді.

Еш нәрседен тауы шағылып тез қайтпайтын, қажымайтын қуатты, пысық еді. Бияш қысқаша айтқанда алмас қылыштай, қырағы қаршығадай жігіт еді.

Бияштың қызметі, Бияштың адамшылығы, мінезі, қалжыңы жолдастары арасында көпке шейін ұмытылмас, жоқтатар. Оны іздемеске болмайды. Оқу комиссариатының қандай ісі болсын бір өзі басқарып бара жатыр еді. Әкімшілік жұмыста арқасы босағандай болып Ахаң (Ахмет)

Бияшқа сеніп отырушы еді. Енді...

Жүрген ортаның бетіне тез түсінгіштікпен, саяси мәселеге ортақшыл жолдастардан артық болмаса кем түспейтін. Сондықтан оны ортақшыл партиясында жоқ деп білмейтін кісі ойламайтын.

Төңкеріс заманында талай жігіттер шығын болды. Тағы талайлар шығындалар. Бірақ Бияш сықылды жігіттен айрыла беру аса шымбайға бартарлық қайғы, өкінішті қаза.

Марқұмның арттағыларына сабырлық берсін.

Сол сияқты, «Тарихи тұлғалар» деген Смағұл Садуақасұлы жәйлі еңбегінде Д. Қамзабекұлының: «Әліптемеде С. Садуақасұлы қазақ көркем-сөзінің әлі ержете қоймағандығын, алайда бұл салада болашағынан мол үміт күттірер Болғамбайұлы, Әлімбекұлы, Қауызжанұлы, Ғаббасұлы, Аймауытұлы, Әуезұлы, Кемеңгерұлы, Тұрғанбайұлы, Жәнібекұлы сынды жас таланттар бақтарын сынап жүргендігін, 1917 жылдың соңынан шыға бастаған «Абай» журналы, Алла жазса, олардың бұғанасын бекітіп, қанатын қатайтуға жәрдем беруді көздеп отырғанын хабардар етеді» -деп жазғанын оқуға болады. Мұнда да Мәннанның есімін әдебиет алыптары, қазақ әдебиеті классигі Мұхтармен бірге атайды. М. Әуезов, Қ. Сәтбаевтар Мәннанмен бірге ұстаз болып дәріс оқыған. 1919 жылдың 26 мамырында, Мәннан Пед. Курстің меңгерушісі болып істеп жүрген кезде оның өз қолымен жазылып, мөрі басылған құжатты Семей архивінен оқуға болады. Осы бір құжат арқылы, курсте кімдер

оқып кімдер дәріс бергендігі жәйлі нақты дерек аламыз. Мәселен, Курс оқушыларының тізімінде: «Табыл Әбішев - 16 жаста, Рымбек Бейсенбаев - 22 жаста, Сұлтанбек Ибрагимов - 23 жаста, Байсүгір Тойғанбаев - 26, Ғалиакбар Төребаев - 21, Дүйсенбай Есенжолов - 20, Гауһарбек Балтақиев - 16, Таңба Жиенғалиев - 23, Иса Биназаров - 25, Қадыр Садықов - 16.т.б.». Тізімге Курс меңгерушісі Тұрғанбаевпен іс жүргізуші Мұстанбаев қол қойыпты. Енді бір құжатта Курс мұғалімдерінің қандай пәндерден сабақ беретіндігі, мәселен, Мәннан Тұрғанбаевтың есептен, гигиенадан, ислам тарихынан, дін ілімінен; Сейітбатал Мұстафиннің қырғыз (қазақ) тілінен, физикадан; Қаныш Имантаевтың - географиядан, жалпы тарихтан, зоология мен анатомиядан дәріс оқитындығы көрсетіліпті.

Қазақ автономиясы жариялануына байланысты 1920 жылы, жалпы қазақ кеңестерінің I съезіне Семейден Мәннан Тұрғанбаев та делегат болып сайланады. Орынбор қаласында 4-қазанда ашылған осы съезге қатысады. Съезде «Қазақстан» газетасы туралы мәселе қаралады. Онда былай делінген: «Орынборда қазақ автономиясы атынан шығатын екі газета бар: 1-орысша тілде қазақ хабарлары, 2-қазақша тілде «Ұшқын».

Міне, осыларды һәм газета сықылды басқа нәрселерді қарап отыратын төңкеріс комитетінің комиссиясы болатұғын. Осы комиссиялар жалпы топ мүшелерінен 10 шақты кісіні шақырып, топ тарқағанша газетаны шығарып тұруға тапсырды. Ол кісілер мыналар:

1. Байтұрсынов. 2. Сералин. 3. Садуақасов.

4.Тұрғанбаев. 5.Әлібеков...һәм басқалар.

Міне осы кісілер өзара сөйлесіп, топ біткенше жазылатын мақалаларды мынадай қылып бөлісіп алды:

1. Топтың барысы туралы - Байтұрсынов пен Жәнібеков.

2. Топтың шығарған қаулылары һәм жобасы туралы - Тұрғанбаев.

3. Жер мәселесі туралы - Сералин.

4. Сот істері туралы - Әлібеков.

5. Ғылым һәм шаруашылық туралы - Садуақасов.

6. Хабарлар туралы - Айсарин.

Қалғандары жалпы жазып тұрады.

Осы кісілер өздерінің істеген жиылысында газетаны «Ұшқын» деген атын өзгертуге керек деген мәселе қойылды. Себебі: жалпы қазақ автономиясының кіндігінен шығатын газетаға «Ұшқын» деген ат лайықсыз. Сондықтан бұдан былай «Қазақстан» болсын деген қаулыға келді. Топ уақытында «Қазақстан» күніне бір рет шығып тұрады. Хабаршы: «Шұға», «Ұшқын» газеті 15.X.1920 жыл.

Мәннан Тұрғанбаевтың іскерлігі, білімділігі қазақ халқы арасына кең тараған. Әсіресе, көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтар ардақ тұтқан. Қазақтарда да меценаттар болған. Солардың бірі Талдықорған облысынан - Есенкүл бай. Ол «қазақша жақсы роман жазғанға бәйге беремін» деп «Айқаптың» 1911 жылғы бір санында жарнама жариялап, сол журналдың 1914 жылғы бір нөмерінде. Сол жарнама бойынша 5-6

романның қолжазбасы түсті. Соларды Семейге қаратсам деймін, өйткені бұларды қарап, дұрыс батасын беретін азаматтар - Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мәннан Тұрғанбаев Семейде отыр деп тағы хабарлаған.

Ол уақытта (1917-1921 жж.) Ғалия медресесін және Университет бітірген қазақтың оқыған жастарының ең берісі ауылда мектеп ашып, бала оқытқан. Кейбірі бұрын қазақта жоқ әліппе, қирағат оқулықтарын жазып, оларды өз қаражаттарымен бастырып шығарған. Кейін әдебиетке дербес қолтаңбаларымен келген, бірқатары ғылымпедагогикалық қызметпен айналысқан, сөйтіп ел аузында есімдері қалған Мағжан Жұмабаев, Мәннан Тұрғанбаев, Бейімбет Майлин, Біләл Сулеев, Нұғман Манаев, Жақып Айманов, Әбдірахман Мұстафин және басқа көптеген адамдар «Ғалия» медресесінің шәкірттері. «Жалпы 1906 жылдан 1920 жылға дейін бұл медреседе білім алған 1500 шәкірттер ішінен сегіз ұлттың сөзін сөйлейтін аса көп жазушылар, журналистер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері шыққан» («Ана тілі», 1997ж. С. Байменше)

Бұл жайында, белгілі әдебиетші, жазушы Ғалым Ахмедов ақсақал өзінің «Алаш Алаш болғанда» деген еңбегінде былай жазыпты: « ... Бұл медресені сөз етіп отырғанымыз, осында көптеген қазақ жастары да оқыған көрінеді. Олар жайында жинақталған мәлімет жоқ. Мен де бұл жұмысты зерттеген емеспін, тек жазып жүрген жұмысыма байланысты керекті материалдарды архивтерден, ескі

заң журналдардан қарастырғанымда кездескендерін жазып ала бердім. Қазақ әдебиетінің орын бастауына (Бейімбет Майлин, Жиенғали Тіленбергенов, Мәннан Тұрғанбаев) ат салысқан... Менің әржерден теріп алған адамдарым мыналар: 48. Тұрғанбаев Мәннан - 1915 жылы бітіріп куәлік алған, мұғалім болған, әдебиетші...».

Кеңес өкіметі Алаш қозғалысына қатынасқандардың бәріне кешірім жасағанына қарамастан, Қазақстан ғылымының, оқу-ағарту ісінің, әдебиет пен өнерінің, халық шаруашылығының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлттық демократиялық интеллигенция өкілдері, ең алдымен Алаш пен Алашордаға жетекшілік жасаған қайраткерлер, түгелге дерлік жалған жаламен «халық жауы» аталып, сталиндік жүйенің құрбандары болды. Алашорда дегенде зәреміз ұшқандай тәрбие жүргізіліп, Алаш қозғалысы тарихы 60 жылдан астам ресми өкімет тарапынан тыйым салынған тарихымыздың «ақтаңдақ беттері» болып келді.

Мәннан Тұрғанбаев осындай жан-жақты терең білімді, өнерлі, ғалым, зиялықпен халқына сіңірген адал еңбегі еш кеткендей өз бағасын алмай келгенін мойындамасқа болмайды. 1924 жылға дейін Семейге губерниялық оқу бөлімінде инспектор болып істеп жүргенде Мәннан оқу-ағарту жұмысына, балалар тәрбиесіне ерекше көп көңіл бөледі. Әсіресе, Шыңғыстау, Абыралы, Дегелең, Бесқарағай жерлеріндегі мектептердің дамуына көп ықпалды көмек жасайды. Жиі-жиі ел аралап, өз көзімен көргенін жоғарғы орындар назарына жазбаша түрде жеткізіп, қойған тілек-

терінің орындалуына мұқият зер салып отырған. 1919 жылы Семейде 1-ші рет басылып шыққан Ахмет Байтұрсыновтың жаңа алфавиті бойынша сабақ жүруді қадағалаған. Өзі де ана тілінен бастауыш класқа арнап оқулық жазған. Семейге оқу үшін қырдан келген ынталы, талантты қазақ балаларына көп септігін тигізген, тікелей қол ұшы көмек беріп тұрған, оқудан қол үзбеулерін бақылауына алған. Мысалы, Педагогика ғылымының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақ ҒА-ның мүшесі, белгілі ғұлама-ғалым, марқұм Ахмади Ысқақовтың айтуынша Мәннан оны өз атына миңгестіріп алып, мектепке орналастырған, және де, Ғабдырәсіл Смағұлов (Семей қалалық аткомын, 20 жыл облыстық кәсіпкерлер одағын басқарған, фабрика жетекшісі болған) сынды елден келген баланы 2 құжаты жетпесе де оқуға түсіргенін, болашақ ғұмырына сара бағыт ашқанын толғана, тебірене әңгімелеген еді. Тәшкенге жетектеп апарып оқуға түсірген жиені Жүнісбек Нұрмағанбет ұлы да оқып жетіліп, Мәскеуде қызмет істеген, тау-кен инженері, ғалым атанады.

Сол сияқты, Жаңа Семейде 35 жылдан артық банк мекемесі меңгерушісі болған, «Октябрь революциясы» орденінің иегері Жолдасбаев Жылқыбай да оқуға түсуіне Мәннанның шарапаты тигенін еске алатын. Мұндай, мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бұдан, Мәннан Тұрғанбаевтың жүрегі үлкен, кісіге мейрімді, айтулы педагог (ұстаз), аса сауатты әрі парасатты ұлт мүддесін көздеген өз заманынан оза туған жан екендігіне көз жеткіземіз.

1925-1926 оқу жылының басында Тұрғанбаев

қызметі ауысып, Қарқаралы пед.техникумында дәріс береді. Онда да оқушылардың ерекше құрметіне, асқан ілтипатына бөленеді. Мұны, Ұлы Отан Соғысының екінші топтағы мүгедек-ардагері, Қарағандылық еңбек зейнеткері Ахметбек Әріновтың «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген «Тұлпардың тұяғы» атты мақаласынан анық аңғаруға болады: «Қарқаралы пед. техникумының шәкірті, түлегі кейінде Ғұлама ғалым академик Ахмади Ысқақовпен жайласа отырып сұхбаттасқанымызда, тереңнен толғайтын ардагер азаматтың былай дегені бар еді: «менің дәл бүгінгідегідей дәрежеге көтерілуіме әуел бастағы білім ұрығын бойыма еккен ұстаздарымның сол білім мен ғылымның іргетасын, негізін мықты етіп, берік етіп қалағанынан деп білемін. Бұл дүниеде қалдырар ұрпақтарым өз игілігіне жаратар сол де болса жемісін дерлік табыстарына ең алдымен сол аяулы ұстаздарым иелік етуі керек дер едім», -деп толғаған. Солардың арасынан Әлімхан Ермековты, Қояншы-Тоғай баласының түлектері Рақымбай Сапақовты, Имам Әлімбековты, Семейлік Мәннан Тұрғанбаев пен Қарқаралылық (Ыбыраш Бөкейхановты, сол кездегі аудандық ағарту бөлімінде хатшы болып істеген ұстаз Қалиақбарды (кішкентай болған соң «Жұдырық» деп атайтын) аса бір ізетпен еске алып отыратынын айтты. Ал, Семейден кейінірек келген Мәннан Тұрғанбаев деген мұғаліміміз ерекше қасиеттерге ие, аса терең білімді, ұстаздық өнерді бойына ана сүтімен дарытқан дерлік, шын мәнісіндегі ғажайып ұстаз еді ғой. Қояншы-То-

ғай жігіттері Рақымбай Сапақов пен Имам Әлімбетовтерге сол елдің атақты Дия Қажы, ақын-молда жиі келіп тұратын. Дия Қажы бес Бошанның бірі Машат ұрпақтарынан тарайтын Керней Жарылғап батырдың Жәнібек деген баласының шөбересі ғой. Сол Дия қажының жоғарыда өзін атаған зиялылар біздің ұстаздарымыз бас қосып әңгіме-дүкен құрып отырғанда әлгі Мәннан мұғалімге арнап айтқан ұзақ өлеңнің:

«Мәннан абын (арабша ұлы дегені) Тұрғанбай,
Сөз сөйлейді толғанбай.
Күле сөйлеп айтқаны,
Дәл төбеннен ұрғандай,

-деген жолдары күні бүгін есімде...

Осы арада мен де сөзге араласып:

«Аға, Мәннанды мен де білемін. Жасырақ кезімде біздің үйге, әкеме келіп жүретін... Менде, тіпті, фотосуретіде бар,-дедім.

Бұл сөзіме Ахаң (Ахмади Ысқақұлы) балаша қуанды. Ұстазының жастау кезіндегі суреті екенін айтып, үлкен олжаға кездесіп, жоғалтқан асылын тапқандай, ұстазының өзімен кездескендей болып, шектен тыс қуанды», -деп жазған екен, Ахметбек ақсақал. Мәннанның арғы аталары:

Қабан-батыр, Жарылғас-«пірадар» болған, мешіт ашып бала оқытқан көпке қамқор болғаны жәйлі де Ахаңнан естіген еді.

Мәннан Тұрғанбаев жәйлі деректер іздей жүріп, Семей зиялы қауымының қарт тарланы, оқу ағарту ісінің озат майталманы, аса қадірменді ұстаз Фазыл Киікбаевпен сұхбаттасу сәті түскен болатын.

Өкініштісі сол қазыналы қарияның жасы тоқсаннан асқан шағында келуіміз еді: Фазкең, ұзын бойлы, сидаң, биязы, кең мінез қалпында, ақылестен жаңылмаған, көкірегінен көрікті ой тербеп, өз үйінде (Шәкәрім, 14/103 пәтерінде) жастай қосылып, мәңгілікке отасқан, жан-жұбайы Алма жеңгеміздің қамқор демеуімен әңгімеміз желі тартты.

-Бұл ағаларыңа, Күршімнен оқу іздеп келіп, жастай серік болып келемін ғой деп аққұба өңі жадырап, жұмсақ жәйлі мінез, кең пейілді таңғажайып өнегесін танытқан, Бекзат жеңгеміз алғаш сөзге қонақ беріп, әңгімемізді келістіре жетекке алды.-Ағаларың меннен 15 жас үлкен болса да, жасы 81-ге келгенінше қызметін тастамады, әлі де үйде омырылып отыруды жақтырмайды, «дүкеннен нан мен сүт әкелейін, зейнетақымды алуға барайыншы»-деп тұрғаны. Бұл кісі де асылдың сынығы, текті атадан туған, әрі өмірі шыңдаған, шыныққан жандардың бірі. Енем қолымда болып, сол кісіден де көп әңгіме қаныққан едім. Әкесі мен атамыздың атасы Оспан ірі бай болған. Үлкен атасы Киікбай Қажылыққа барған. Өз әкесі Тәнеке елге билік айтқан, болыстыққа да сайланған, еліне беделді адамдар екен.

Кеңес өкіметінің қудалауға алған кезінде, бұл әулетте жан-жаққа тарап, бой тасалап, ауыз бағып, бұйығылықты талайларына шарасыз еншілеген тәрізді. Ақсақалдың әлде жалқаулығы, әлде сақтығынан ба екен, ешбір жазған-сызған қағазы жоқ. Тек қабілетін күйттеп, бір сыдырғы, «қоржын аумас» күй кешті, таза кәрілікке жетті.

Білгенін ауызша айтар, жадысы дұрыс сияқты деп жеңгей, Фазкеңді жеңіл киіндіріп, біздің де келген «бұйымтайымыз» жәйлі ескертіп, жетектеп-демеуімен, бізге таяу қойылған креслоға жайғастырды. Фазкең жазбай танып, бұдан бұрын Абай мұражайында өткен Мәннан Тұрғанбаев кешіне бара алмағаны, шақыру алғандығына ризалығын білдіріп, рахмет айтудан сөз бастады.

-Қолға алған шараларың қайырлы болсын! Мәннанды өз замандастарынан білмейтін, бұл Семей мен Қарқаралыда кісі жоқ еді.

Қайран Заман-ай! Бүгінде көбі таусылып, өмірден өтіп кетті-ау! Сейітжан шырағым, талпынып кітап жазып, тарихты зерделей зерттеп, іздене, сұрап жүріп мұндай іске кіріскенін еңбектің төресі деп білемін. Әлеумет үшін, ұрпақ үшін еңбек ету қашанда асылдықты қажетсінеді. Біздің Қарқаралы елінде ерте оқыған, білімдар: Ақбайдың Жақыбы деген өжет кісі болды. Жарылғап атадан шыққан мықты бай, болыс Ақайдың Хасені онымен бақтас, омыраулы «кеудем соқ» әйгілі кісі еді. Екеуін де ел іші «күштіге» балайтын кез. Екеуінің арасында, кездейсоқ, айтыс-тартыс тұрып қалса керек. Сонда, Ақбайдың Жақыбы, (мамандығы Заңгер) қарсы келген Хасенге:

-Әй, Хасен, сенікі бос әуре, талас даурықты тоқтат! Сен сөзіңді ғылыммен байланыстыра дәлелдемеген соң құрғақ былшылды қойып, тек отырған жөн!-деп білімдарлығымен күштінің мысын басқан екен. Сол сияқты, қашанда білім, ғылым ізденуді қалайды. Сонда, сөзде баянды, еңбегің жанып, көп жасандар. Ал, менен не сұрамақ едің?

-Аға, сіз Мәннанды қай кезде көріп, тәлім алдыңыз? Несімен ерекшеленетін еді сіз үшін?

-Мәннан 1925-1928 жыл аралығында Қарқаралыда қызмет істеді. Мәннан жарықтық, тұла бойы толы парасаттылығымен педагогикалық жұртты ауызына қаратып, өзіне меңгеріп алатын қасиетті кісі еді. Аса ақылды, мол мейірімді, жаны жайсаң ерекше жанның талап кеңесін алып, қамқорлығын көрген едім. Әрқашан оны дұғамнан да тастамаймын! Мына келістерің, «адалдықтың бір белгісі екен». Сендерге де, алғысымнан басқа не айтамын, қарт көңіліме қуаныш сыйладыңдар. Әйтпесе мен кімнен артықпын, қанша көп білер дейсің?! Мәннан туралы жазылғандар да баршылық болар, іздегенге табылар да!

Бәлкім, жазылмаса жазылмай қалған Мәннанның, Қарқаралы қаласындағы Құнанбай салдырған мешітпен байланысы болар. Құнанбай мешітінің бас имамы Қамбар азаматы Оралбек молда да көп оқыған, тахуа, беделді адам болатын. Мәннан үнемі Мешітте болып, діни сабақ өткізетін. Менің санамда Мәннан Абай, Ахмет Байтұрсыновтардың білімін дамытушы. Мәннан «тіл туралы» аса құнды пікірлер қосып, «Тіл құралы» деген еңбек жазған адам. Ол Абайша толғанып, оның тіліндегі ерекшеліктерді теріп, оны бағалау керектігін дәлелдеді. Қазақ тілі грамматикасы туралы, оны тіл танытудағы байлық кеніші деп бағалады. Әсіресе, етістік, бірлестік мағынасын қалай пайдалану қажеттігі жайлы тоқталды.

«Сөйлеу», «Тіл қату» ерекшеліктерін талдай келіп, адами тіл мен «хайуани тіл» жөнінде кең

толғам жасайды. Сөзді ғылым тілінде сөйлеу шарттары, әділеттілік, «ақыл тілде» сөйлеудің талаптарын ерекшеледі.

Мәннан Тұрғанбаевтың тағы бір ерекшелігі, әм білімділігі, ғалымдылығы дін мәселесінде, дін білімі, оның дұрыстығын дәлелдеп, оның шындығын, тәрбиелік маңызын уағыздайды.«Алланың өзі де рас, сөзі де рас», -дейтін Абай мен Мәннан жақын үндескендейтін. Мәннан «Пайғамбар Заманы» атты кітап жазған. Ол кітап « Айқап» журналының 1915 ж. шыққан он бірінші және он екінші нөмірлерінің бірінші бетінен бастап басылып шыққан.

С. Торайғыров, М. Тұрғанбаевтың «Пайғамбар Заманы» деген кітабына қысқаша сын бастырған. («Айқап», «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. Алматы, 1995, 355 - бет). Мәннан дін сабағын еңгізіп, одан сабақ берді. Құнанбай мешітін практикалық дәріс берудің орталығына айналдырды. Қазақстанның шалғай мешеу түпкірінде салынған Құнанбай мешітінің маңызын көтеріп, мешіт жұмысына ерекше мән берді. Қарқаралыдағы ертеде салынған Андрей мешітімен таластыра, Құнанбай салдырған мұсылмандар мешітінің бой көтеруі халқының ілгері мүддесін көздегендік, діни дұрыстығына көз жеткізу ниетін жоғары бағалады. Дін сабағынан дәріс бергенде әр дін бойынша, оны қолданатын мемлекеттер тарихы жәйлі де жан-жақты, тереңнен байланыстырып, оқушылардың көкірек көзін кең аша түсетін, жарықтық!

-Сіз, Мәннанан дін сабағын оқыған болдыңыз

ғой?-деген сұрағыма, Фазкең: -Мен, жасымнан ауылда, арнайы молдадан дін оқуын оқыдым. Алдымен, арабша хат таныдық. Мәннаннан дін сабағынан дәріс алған кезде, Құранды тереңдей түсініп, дін негізіне бойладық. Оның өзі басқыштап күрделене беретін. Мәселен Мұхтасар, нақу, пікхайдан, тутхатуми, қырықхадис, Бидан...сияқты болып келетін. Мәннанның кезінде, жасым 25-ке жеткен, өзім де дәріс бере бастаған албырт шағым болатын. Көбіне-көп Мәннаннан білмегенімді сұрап, консультация алып, ақыл-кеңесіне ден қоюшы едім. Мәннанның жүзі жылы (иман жүзді), пейілі кең:-«Міне, осылай, қарағым»-деп биазы сызылып, жалықпай түсіндіретін. Ұстаздық туа қонған дарыны болуы керек, нағыз ағартушы, кісілігі де, кішіпейілдігі де мол, парасат-пайымның адамы еді, жарықтық Абай мен Ахметтердің сөз саптаулары, пайымдауларын өзінше талдап түсіндіретін, ғалымдығы да сүйсіндіретін. Шындықты ашып, ислам (дін) мәселесіне, оның тәрбиелік, танымдық маңызына көз жеткізетін. Мәннанан Мұхамадия Оспанов деген талапты жас, бізбен ауылдас азамат оқыды. Ол да оны ерекше дәріктейтін-ді. Бәлкім, Мәннанның ықпалы болды ма, Мұхамадия Алашорда үкіметінің белсенді жақтаушыларының бірі еді.

Бірде, ол Мәннанға барып:

-Сізден көмек сұрап келдім десе керек. Сонда, Мәннан:

-Сұра, сұрай ғой. Ал, нендей көмек болды екен?-деп жылы жүзбен құп алады.

Сонда, Мұхамадия алдымен, сұрағының төркінін баяндайды:

-Бір топ қарқаралықтарды Қытайға жер аударды екен. Он шақты белсенділер, оларды ұрып-соғып жүргенін көріп, жігіттер: «Бұларын не, бұлар оқымаған, қараңғы, жазықсыз жандар ғой, жәбірлемей, жөнімен сөйлессеңдерші» - дегеніне, әулекі-белсенділершам алып, «сенің өзінді қоса жер аударамыз» ендеше деп қоқан-лоқы жасағанынан сескенген жәйынан сыр ашады, ендігі жерде не істеу керек? деген сауалымен келген екен.

«-Сізден, сұрайтыным - ақыл» - депті.

-Ел ішінде, аласапыран жәй-күй етек ала бастады ғой.

Әзірше, ізденбей, үндемей, сөз қумай, жәйімен, ақырын күтіп, өкіметтің аңдызын аңдай білу керек шығар-деп Мәннан ақыл қосса керек.

Міне, менің «Мәннан жайлы айтарым да, білетінім де осы көлемде» - деп Фазкең естелігін еркін отырып тыңдата бергісі келсе де, шаршатып алмауды ойладық та:

-Рахмет ағасы! Тың деректер айттыңыз. Ойланып, есіңізге жинақтап түсіре бергейсіз. Сәтін салса, тағы бір соғармыз - дегенімізге, ол:

-Пәлі, мұндай әңгімеге кісі шаршамас болар, қайта жастық шаққа ойша оралтса да, адамға жәйлі, ізгілік жолындағы өмірге сыр шертуден қажыр-қайрат тапқандай, бір жасап, сергіп қалады емес пе?! Ертеңнің кеш болуы, сұрайтының болса, айта ғой, ойыма түсе қалғанын айтып қалайын - деп күлімсірей, шын ықлас, ақ пейіл білдірді.

-Онда, аға есіңізге түсіріңізші. Мәннанға арнап Дия Қажы өлең шығарған көрінеді-деп Ахмадидан естіп, білген бір шумақты айтқанымда:

-Ой, Секен, болған мұндай өлең. Бірақ, есімде жоқ. Тек, Дия Қажыға арналған бір өлең шумағы тіліме оралғандай, тұратұр...

-Ассалаумағалейкум, Дия Қажы,
Адамды аздырады ардың азы.
Алты ай жаз Асылбекке отын шауып,
Ақыңыз қанша болды, айтшы Қажы?!

-деп, оның да басына қысым түскен шақта, Асылбек деген кеңес сотының да теріс әрекетін ажуалай, Дия Қажыны мұқата айтылған осы бір өлеңді, бәлкім Мәннан айтқан болар деп қостай жөнелді. Десе дегендей-ақ, Мәннанға арналған ел аузында, жармалық ақынның шығарғаны екен дейтін, мына бір шумақ өлең жолы да Мәннанның биік өресін, ерекше қасиетін паш еткендей.

Мінбеге шығар болса Тұрғанбаев,
Сөйлейді балғаменен ұрғандай ғып.
Алды-артын түгел орап сөз айтады,
Белсендіні орнынан тұрмастай ғып...

Бүгінде жасы сексен беске жеткен, Семей тұрғыны қадірменді қария Нұрланов Қапан:

- Мәннанның болашақты болжап жас буынға қамқор шарапат шуағын молынан шашқанының мен де куәсімін. Абыралы сыртындағы нөмір 2 ауылда Мәмбет қыстауында мектеп-мешіт ашып,

бақ берді. Қарқаралыдан арнайы жіберген сары орыс жігітін осы ауылда екі жыл ұстап, балаларға орыс тілін үйреткізді. Орысша сауат ашуына Мәннанға мектебіміз қарызды-деген еді.

1928 жылы Мәннан Тұрғанбаев Семейге қайта оралды. Облыстық соттың орынбасары, қалалық оқу бөлімінің инспекторы болады. Өзіне жүктелген міндетке барынша адал, әрі жанын аямай қызмет істейді. Бірақ, бұл кезеңнің бет алысын алдын ала сезіп, секем алған сақтыққа Мәннанның көңіліне алаң түсіре бастаған, үрейлі шак әсері еді.

1925 жылы Қазақстанға саяси жетекші болып келген Ф.И.Голощекин өзінің ыңғайына келмеген қазақтың тұлғалы азаматтарын қақпайға алып, қуғынға ұшыратқан теріс пиғыл танытты. Сол себепті Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақов сынды тастүлектер елден жырақ кетіп қалды.

Голощекин жаңа теория шығарып «Қазан төңкерісі» Қазақстанға соқпай бір бүйірден өтіп кеткен екен. Сондықтан, «Кіші Қазан» төңкерісін жасау керек деп, 1927 жылы егістік, шабындық жерлерді қайта бөлу, 1928 жылы «Жартылай феодал байлардың» мал-мүлкін тәркілеу, қожа-молдаларға тыйым салған науқандар қыза түскен. Осы науқандардың ізін ала, 1929 жылы «Кулактарды тап ретінде жою негізінде елді жаппай колхоздастыру» шаралары қауырт қолға алынды.

Ешбір дайындықсыз қызу жүргізілген осы науқандардың кезінде халық шаруашылығы қатты күйзелді. Қолдан жасалған жаппай жұттың салдарынан отырған жерлерінде аштан өлетін бол-

ған соң, амалсыздан тамақ (корм) іздеген халық, ата-мекенінен безіп, беттері ауған жаққа қарай тоз-тоз боп, босып кетуге, рия бойына қаңғуға мәжбүр болды. Өйткені, колхоздардың еккен астығы үкіметтің берген жоспарын орындауға да жетпейтін еді, ал Голощекин (астық үшін күрес-социализм үшін күрес) - деп жоғарыдан елді қысымға алды. Ал мал басы күрт азайды - аштықтан, күтімсіздіктен, індеттен қырылды, көптеген мал басы сойылып, ұқсатылмай итжемеде қалды. Бұл бір зұлмат-сұрапыл опат әкелді. Жұрт жарық дүниеден үміт үзіп, аш-арықтан қырыла бастады. Өмір үшін босқын болып Ресейге, Қытайға, Монғолияға кетіп, сіңе бастады. Әр жерде үкімет саясатына қарсы көтеріліс, толқу қозғалыстар бұрқ етіп басталып, аяусыз басылып жатты. Осы науқандардың тұсында, әсіресе бұрынғы Алаш партиясы мен қозғалысының жетекшілеріне, алғашқы саяси сот процесстері өтті. 1930 жылдың 4 сәуірінде ОГПУ-дің сот коллегиясының үкімі мен 35 адамға әр түрлі жаза кесілді. Ахмет Байтұрсынов бастаған 10 адамға өлім жазасы бұйырылып, кейін ол үкім 10 жылдық мерзімге концлагерде отырумен алмастырылды. Солардың бірі - Мәннан Тұрғанбаев та Семейде қамауға алынып, Қапал түрмесіне айдалады. 1932 жылы Ахмет Байтұрсыновпен қатар ұсталған Мәннан Тұрғанбаев, Жұмағали Тілеулин, Даниял Ысқақов, Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков сияқты біраз адамдар шартты жазамен немесе айыптары дәлелденбеген соң түрмеден босатылады.

Түрмеден босағаны мен, шайлыққан жүрегі Мәннанды осы кезеңнің кезенген кесапатынан шеттеуді, кеңшілікке жылыстауды қалайды. Семейге оралған бетте аш-жалаңаш, әр босағада жүрген от басын жиып алады. Дереу, Алтай өлкесіндегі Ойрат автономиялық облысындағы Турата атты ауылға көшіп жетеді.

Сол Туратаның жеті жылдық мектебінде мандығы бойынша мұғалім болып қызметке орналасады... төрт жылдай шет жайлайды.

Мәннанның Қапал түрмесінде отырған (4/IV-1930-30/IV-1932 ж.) екі жыл астам мерзімде оның от басы Семейде жайлаған аштық, апатының шеңгеліне ілінеді: әйелі мен Есен атты қыз баласы қайтыс болады, анасы —Қалыш пен ұлы - Мұрат, немере туысы Әбділманның үйін паналайды екен. Мәннан басына бостандық алып келісімен, қаладағы облыстық, оқу бөліміндегі таныс жолдастары бірден қызметке шақырады. Отбасы (жанұясының) ауыр жағдайы, көңіл қимас, өзін сыйлайтын дос-жолдастардың қалауымен келген бетте қызмет алып, қаржы мәселесін шешеді. Семей облыстық, мемлекеттік архивіндегі мына құжаттар бұған айғақ.

Приказ № 20
по личному составу ВК ОблОНО
от 15. V. 1932 г.

§1

т.Турганбаева Маннана - зачислить на должность ответисполнителя сектора кадров по курсовым мероприятиям с 15 мая с/г. Зарплатой 240 руб. в месяц.
ВК Зав.ОблОНО п/п АКИМОВ

Екі жыл бойы Қапал түрмесінің қараңғы сыз подвалында күн сәулесін көрмей кешкен күй оның көз жанары мен денсаулығына тигізген кері әсері мен ел ішіндегі күйзеліс, от басы тауқыметі қатты ойлантады. Кәрі шешесі мен жас баласы, жетім інісіне пана, өзіне серік болар жар іздейді, тездетіп бой тасалайтын, ел ауып жатқан ішкі Ресей жаққа, орыс арасына көшуге тас-түйін бекінеді. Кешікпей, басы бос бой жеткен Сағындық атты Уәли дегеннің қызына үйленеді. Қысыл таяң шақта қосылған жұбайы Сағындық Мәннанның ұйғарымына қарсылық пікір білдірмей, «Қайда жүрсеңіз де етегіңізден ұстаған адал серігіңіз болуға әзірмін» дегенді айтады. Ендігі жерде Семейде бөгелуге болмайтын болғандықтан жұмысынан арыз беріп босану, көшу қамын жасайды. Сөйтіп, не бәрі екі айға жуық ОблОНО -да қызмет істеп өз еркімен босап, бұйрық алады.

ПРИКАЗ №39

от 9 июля 1932 г.

т.Турганбаев М. - методист ОблОНО
с 19 мая с/г считать уволенным от занимаемой
должности по собственному желанию.

Зав.ОблОНО - Х.ЕСЕНБАЕВ
(опись 248 фонда)

Мәннан 1923-1924 жылдарда инспектор болып қызмет істеген ГубОНО-1932 жылы Шығыс Қазақстан облысы құрылып, Семей оның қарауына өткендігінен ВКОблОНО-болып өзгеріске түскен. Семей облыстық мемлекеттік архивіндегі құжаттар Мәннанның жиырмамыншы жылдардың бас шамасында Семей мен Алаш қаласы оқу орындарында мұғалімдік қызметте істегендігін айғақтайды. Оның Мұхтар Әуезов, Сәтбаев Әбікей сынды ұлы тұлғалармен қатар жүріп, бір салада қызметтес болғандығына көз жетеді. Мәселен, 15.X.1924 жылғы қала оқу орындарының оқытушылар тізімі бойынша барлығы 185 мұғалімдер жөнінде нақты дерек бар. Осы тізімнің:

9. Ауэзов Мухтар Омарханович - б/п - середняк.

70. Кокумбаев Шаркер - б/п - служащий

143. Сатпаев Абикей Зеинович - б/п - середняк.

154. Турганбаев Маннан - б/п - служащий.

Міне бұл тізім-құжатқа жүгінсек, олардың әлуметтіккүйі мен партиялығы жайында мағлұмат аламыз. Демек, Мәннан Тұрғанбаевтың

партия қатарында болмағандығын көреміз. Ал, Мұхтардың бұрын 1919-1923 ж. дейін партияда мүше болғандығын білетін оқырман, бұл оның өз ырқымен партия мүшелігінен бас тартқан кезіндегі құжат екенін аңғартады.

Мұхтар 1921 жылы Орынборға қызметке ауысқан. Оның алдында 1920 жылдың желтоқсанында Семей қазақ автономиялық Кеңестік Республиканың құрамына енген болатын. Ал 1921 жылы Мұхтар Семей губкомының атқару комитетінің төрағалығына сайланады. Алайда, «Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханов пен вице-премьері Әлімхан Ермековтермен байланысы бар» деп Мұхтардың басқан-тұрған ізіне аңду түскенді.

Туған халқының қасіреті мен қайғысын көре білу Мұхтарды да болашағы туралы ойларға жетелеген ді. Мұхтардың Орынборға келуі осы мақсат жолындағы сапарының басы болатын. Бірақ, тап пен жікке бөлінудің ордасына айналған Орынбордан керегін таба алмаған қаламгер ендігі үмітін Тәшкентке артқан ды. Мұндағы қоғамдық өмірге аз-кем араласып та байқайды. Өзін мазалаған саяси-элеуметтік шығармашылық ойларға тиянақты жауапты таба алмаған соң Мұхтар Петроградқа бет алады. 1923 жылдың басында САКУ-де еркін тыңдаушы, «Шолпан» журналында қызметке тұрады. Сол жылдың қыркүйек айында Ленинград Университетінің қоғамдық ғылымдар факультетіне тіл-әдебиет бөлімінің орыс-славян секциясына оқуға түсіп, жыл аяғына дейін ғана оқып, шақыртумен Семейге келеді. Оқуын үзіп, Мәннан жетекшілік ететін мұғалімдер даярлай-

тын курста және казпедтехникумда дәріс оқиды. Ұлылар қайта тоғысады.

Бір кездерде «ұлтшылдық» әдебиеттің өкілдері саналып келген бұл қайраткерлердің қоғамдық, творчестволық еңбегі қазақ халқының азаттық жолындағы ұлттық мүдделерімен байланыста өтті. Сапалы өмірін революциядан бұрын бастаған олар сол кездегі қоғамдық дамудың мешеулігін, қазақ халқының қараңғылықтағы, қанау астындағы аянышты өмірін, патша өкіметінің отаршылдық саясатының халықтың тұрмыс-тіршілігін ауырлатып, саяси құқын тежеп отырғанын уақытында көре білді. Олар халықты ағарту, өнер-білімге тарту жолында қызмет етті. «Осы жолда бұлардың тапқан панасы -«Алаш Орда» болды. Біраз уақытын, еңбегін Алашорда үкіметі мен Алаш партиясын құру, нығайту жолына жұмсаған олар көп кешікпей-ақ бұл бағыттың қателігін, халықты бақытқа, азаттыққа жеткізудің жолы бұл емес екенін түсінді. А.Байтұрсынов Әліби Жангелдинмен байланыс жасап, сол арқылы Совет өкіметімен келіс сөз жүргізді. В. И. Лениннің қабылдауында болды. Бүкіл-Россиялық Орталық атқару Комитеті 1919 жылы 4 апрельде Қазақстандағы «Алаш» буржуазиялық-ұлтшылдық партиясы мен Алашорда үкіметінің басшыларына кешірім жасау туралы шешім қабылдады. Міне, осыдан кейін Совет өкіметі жағына қалтарыссыз шыққан қаламгерлер ендігі еңбегін түгелдей жаңа социалистік құрылысқа оның мақсат-мүдделеріне ыңғайлайды. Жаңа советтік әдебиет, мәдениет жасау ісіне араласты. Алайда, жиырмамыншы жыл-

дар ішінде біздің елімізде өрістеген таптық күрес жағдайында олардың өткендегі қателері жиі еске алынып, оларға сенбестік мінездер көрсетіліп тұрды. Ал, отызыншы жылдары социалистік заңдылықтың бұзылуы салдарынан олар сол өткен қателері мен адасулары үшін жазаға тартылды»...

*(«Жүсіпбек Аймауытов», 4 бет
С.Қирабаев, Алматы, 1990 ж)*

Мәннан Тұрғанбаев - осы қатардағы аса ірі тұлғалардың бірі екеніне еш күмән келтіре алмайсыз. Ол - білімдар, журналист, сыншы, публицист, қайраткер ағартушы, ұстаз-ғалым. Мәннанның оқулықтар жазғандығы, талай публицистикалық мақалалар жазғаны мәлім. Оларды жинап кітап ету, зерттеу - ендігі күннің міндеттері. «Ештен де, кеш жақсы» демек, «осы шағын еңбек бастауы болсын» деген тілек үміт үкілейді..

Бұған мүмкіндік туған есіктер айқара ашылған шақ. Маселен, архив құжаттарын қарап отырып: Мәннан Тұрғанбаевтың губерния ОНО инспекторы кезінде Қарқаралы уезін тексере барып, тексеру қорытынды отчет жазған екен. Оқытушылар техникумында оқитындар (тыңдаушылар) өңкей тақыр кедей балалары екендігін ескертіп оларға стипендия тағайындау мәселесін көтеріп, оңды шешімін табуына мұрындық болған. Сондай-ақ 17.X1.1924 ж.

-Қазақ республикасы оқу ағарту халық комиссариатының инспекторы Глазов деген азамат пен бірге Дегелең бойындағы қазақ балалары

оқитын мектептерде болып, Қожабек ауылында мектеп ашу қажеттігін Қарқаралы уездік оқу бөлімінен талап етіп, өзі қадағалауға алған. Мұндай жазба талаптары көп көрінеді. Жетім балалар үшін Деткоммуна (детдом) ашу, үй-қаржы бөлу мәселесін алғаш көтерген де Мәннан Тұрғанбаев екендігіне иландырар құжаттарды да көзіміз шалды. Көп құжаттар арабша болғандықтан ашылмай жатқаны қаншама?!

Қазақтың ғұлама-ғалымы, Әл-Фарабиды өз ұрпағымен қауыштырушы, кейін де «Әл-Фараби және Абай» атты зерттеу кітабын жазған әйгілі қарт Машанов Ақжанның Мәннан туралы қысқа айтса да, нақ бағасының мән-маңызы да осал емес: «1932 жылы Зұлматында Семейде оқу бөлімінде, панасыз балалар бөлімінің нұсқаушысы болдым. Әсіресе Абыралы көтерілісінен соң әке-шешелері айдалып кеткен тұлдыр жетім сәбилерді жинап, жуындырып, түннің бір уағында Жаңа Семейдегі бұрынғы Алаш өкіметі орналасқан үйге кіргізіп, бір үзім қара нан ұстатқанда аштықтан жағы қағысып қалған сәбилердің ауыз аша алмай еңіреген күйі, өмірі көз алдымнан кеткен емес». Сондай қиын-қыстау күндердің бірінде: «Миллатыңа қызмет жасаған екенсің, алладан қайтсын!» деген екен Мәннан Тұрғанбаев. Әрі Ақжанды инженерлік оқуға түсуге ақыл беріп, өзі сабақ беретін даярлық курсқа қосқанын жазған еді. Міне елі үшін еңіреп, ұрпақ үшін керемет мейірімандық танытқан, өз тағдыры да тәлкекке түскен қиямет күнде Миллат қамын ойлап, болашақты мезгеген Мәннанның мұндай «сәл» болса

да «нәнге» бала істерінің көп болғанын дәлелдер өлшеусіз зор еңбегіне сүйсінесің. Асыл азаматтың киелі аруағына кім де болса тағзым етумен борышын өтемек!

Ұстаз ұлағаты деген осындай-ақ болар. «Патша кезінде де жан аямай қолға алған ағартушылық реформаны жаңа жағдайда жалғастыра беруге» Ахмет Байтұрсыновпен қатар тырысқан Мәннан Тұрғанбаевты одан еш бөле-жара қарауға да, бағалауға да болмайды. Екеуі де арманда өткен ұстаздардың ұстазы. Қанша содыр солақайлық олардың атағын өшіріп ұрпақтардың жадын жадағайлағанмен, олардың есімдерін талай бала иесініп, аты «Ахмет», «Мәннан» қойылды, олар бастаған, негізін салған тіл ғылымы өркендеді. Демек, «Халық көкейінде олар сепкен ұлы мұраттардың дәні көз таса көктеп жатты. Ұрпақтар жүрегінде жатқан сол бір құпия махаббат әділет сағатын күтті».

(Ә. Кекілбаев)

Қазақстан егемен ел атанып, толық тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қоғам танушы ғалымдар, жазушылар алдына жаңа міндеттер жүктелді. Тарихымызды зерделей отырып, ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басындағы қазақ тарихында Алаш қайраткерлерінің алар орыны ерекше екендігін мұқым қауымға жариялау қажеттігі туды. Бұл жөнінде біршама құптарлық, шаралар да жүзеге асуда. Десе де, әліде қағаберіс, қалтарыста қалған мұқият назарға ілінбегендері де баршылық.

Мәннан Тұрғанбасв жәйлі айтар болсақ, міне осы соңғы тындырылмаған, көп зерттеуді қажетсінетін іске жатқызуға болады. Мәселен, біздің қолымызға түспеген, көзіміз шалмаған Тұрғанбаевтың 1932-1936 ж. аралығындағы өмірі жайлы нақты құжаттың болмауы, оларды Ресей архивінен іздестіру керектігі әрине, жалпы адамзаттық, адамгершілік рухты мықтап ұстанған Мәннан Тұрғанбаевтың өмірді түсінуін, философиялық рухын барынша толық, әрі терең ұғынған сайын біздің ұлттық рухымыздың қайнарын сонау ертедегі ұлылардан алғандығына күмәнсіз иланамыз. Мәннан қашан да біздің рухани бастаушымыз, үйретушіміз, ұстаздарымыздың алдыңғы сапындағы кесек тұлға. Оның қасіретті тағдырының өзі жоғары адамгершілік рухпен тарих сабақтарын үйрететін тағлым болмақ. Ол шындықты, әдебиетті, халқының бақытына барар жолды қажымай, талмай жасқанбай сілтеп, қауіп-қатер төнген сәтті де қасқая қарсы алды.

Түрменің тас қабырғасын тырнағымен тырнай үңгіп, рогатка сияр тесіктен тілдей қағаз шығарады. Онда: «Бізді күтпеңдер, енді біз жоқпыз, үш қасқыр жабылды!»-деп мызғымас жігер, кемеңгер кемелдік таныту мен бірге, әрі аманат, әрі ақырғы қоштасу сөзін жеткізеді.

Мәннан Ресей жері, қалың орыс арасында да 4 жылдай тұрып, ұстаздық қызметін атқарып, жаз бойы «Үйде болмайтын, демалыс дегенді білмейтін»-еді дегенді естідік. «Мүмкін елдегі достарымен байланыста болдыма деп ойлаймын, сол жақта туған інімнің есімін «Отан» деп қоюында, сағыныш пен үміт сезімі басым болған мән-

мәнісінен шығар»-деген еді, үлкен ұлы Мұрат. Қалай болжам жасасақ-та, Мәнанның ел хабарына елгезек болғанына еш бір шүбәміз жоқ. 1936 жылы Қазақстан әдебиетімен өнерінің Москвада өтуі, Сәкен Сейфуллиннің отан жоғарғы орденімен марапатталуы, әрі Сәкеннің шығармашылық еңбегіне 20 жыл толуына орай, Алматыда арнайы мереке өтуі, онда Мұхтар Әуезовтың баяндама жасауы, мақала жазуы Мәннанды «жәйлі» әсерге бөлеп, елге оралу арманын асқақтатып, асықтырған сыңайлы. Ұлылық пен ұсақтық жол айырығының ашылған тұсы, ұлылар бір-бірін таныған, табысқан тұсы болар деген далбаса сезімге бой алдырады. Ақыры, аңғал ерге алдынан аңдушы шығару, аз күнгі тыныштық астан-кестең боларын, қолына темір кісен, аяғына бұғау түсіп, басына тағы қара-түнек төнерін, ақыры сұм ажал аранына жұтылып, көмусіз қаларын, алданарын болжауға тағдыр шіркін мұршасын келтірмегенді.

Сонау қиырдағы Ойраттан ел шетіне елеусіз ат арбамен ұзақ жол кешіп Семейдің шеті Қызылауылға ат басын тіреп, туған ел топырағына сағына қадам басып, мұндағы мектепке орналасады. Өкінішке орай «Аңдыған жау алмай қоймас» -демекші, не бәрі 4-5 ай ішінде тұзаққа ілінеді. 24 қаңтар 1937 жылы түнгі сағат 12-де 3 жендет үй ішін ойрандап, керегін алып, өзін мылтық дүбімен түйгіштей айдап, «қорлап», от басын аңратып Мәннанды Семей түрмесіне қамауға алады. Сол жылы 18 тамызда Мәннан Тұрғанбаевқа УНКВД-нің Үштігінің үкімімен РСФСР қылмыс кодексінің 58 статьясының 4.10-шы тармақта-

рына сәйкестеп ату жазасына кесілген. Екі күн өткенде, яғни 20 тамызда жазықсыз Сабаз-жауыздардың жалмауыз оғына байланады. Қитұрқы саясат-оның өлімінде жасыру мақсатында «Мәннан Тұрғанбаев 20.08.37 жылы 51 жасында атылу себебінен өлді деген Бородулиха аудандық, бюро ЗАГС-іне тіркетіп, сүйегінің қайда қалғаны жөнінде ешбір із-айғақ қалдырмаған. Арманы өшпес, рухы өлмес!

«Осы күнге жете алмай зорлық пен зобалаң кешкен, арманда көз жұмған аталарымыз бен аналарымыздың, ағаларымыз бен апаларымыздың жандары жаннатта болсын»

(Н.Назарбаев).

Ел басының осы сөзі аруаққа тағзым, ұрпағына - медеу!

5.08.99 жыл.

Сейітмухамет Тәбәрікұлы

Мәннан Тұрғанбаев

(на казахском языке)

Редактор Байжигитова
Дизайн Т. Чаниров

Сдано в набор 12.09.1999 Подписано в печать 19.09.1999.
Формат 84x108/32. Бумага писчая. Гарнитура "Times Kaz"
Печ. 3,0 усл. л. Тираж 500 экз. Заказ № 55



2 111/11 1)84200